АЛАКӨЛ АУДАНЫНЫҢ
ҮШАРАЛ
ҚАЛАЛЫҚ ОКРУГІНІҢ
ӘКІМІ

АКИМ
УШАРАЛЬСКОГО
ГОРОДСКОГО ОКРУГА
АЛАКОЛЬСКОГО РАЙОНА

ӨКІМ

09.01.2026
Үшарал қаласы

РАСПОРЯЖЕНИЕ

№ 26
город Ушарал

Коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктерге арналған ыстық суды (жылу энергиясын) бөлу қызметтерін бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының 16-бабының 5-тармағына, Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 506-тармағына сәйкес, **ӨКІМ ЕТЕМІН:**

1. Коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктерге арналған ыстық суды (жылу энергиясын) бөлу қызметтерін, сондай-ақ ыстық суды бөлу қызметтерін «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу өткізілсін.

2. Мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыруға және өткізуге жауапты "Үшарал қалалық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы Ж.Сатыбалдинов:

- Мемлекеттік сатып алу туралы ҚР Заңының 5-бабының 1) тармақшасында көзделген мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидатын сақтай отырып, өнім берушіні айқындасын;
- өнім берушіге веб-портал арқылы электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған шарт жобасын жіберсін.

3. Тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу туралы шешім қабылдау жауапкершілігін өзіме қалдырамын.

Қала әкімі **А. Абишев**

001846

Үшарал қалалық округі әкімі
А. Абишев

"Үшарал қалалық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы
Ж. Сатыбалдиновтан

ҚЫЗМЕТТІК ЖАЗБА

Мемлекеттік сатып алуды бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен жүргізу туралы

Үшарал қалалық округі әкімдігінің әкімшілік ғимаратын коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктерге арналған ыстық сумен (жылу энергиясымен) үздіксіз қамтамасыз ету мақсатында ыстық суды (жылу энергиясын) бөлу қызметтерін уақтылы ұйымдастыру қажеттілігі туындап отыр.

Аталған қызметтердің өмірлік маңызы бар екенін, сондай-ақ ыстық сумен жабдықтау қызметтерінің үздіксіз көрсетілмеуі санитариялық-гигиеналық талаптардың бұзылуына, ғимараттың қалыпты жұмыс режимінің сақталмауына және қызметкерлер үшін қолайсыз жағдайлардың туындауына әкеп соғуы мүмкін екенін ескере отырып, көрсетілетін қызметтерді Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 16-бабының 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес бір көзден алу тәсілімен жүзеге асыру қажет деп есептеймін.

Альтернативті сатып алу тәсілдерін (ашық конкурс, баға ұсыныстарын сұрату және т.б.) қолдану бұл жағдайда тиімсіз, себебі олар ұзақ уақытты талап етеді. Бұл өз кезегінде әкімшілік ғимараттың ыстық сумен (жылу энергиясымен) қамтамасыз етілуінде үзілістердің туындауына алып келуі мүмкін.

Осыған байланысты, жоғарыда көрсетілген заң нормасына сәйкес, коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктерге арналған ыстық суды (жылу энергиясын) бөлу қызметтерін бір көзден тікелей шарт жасасу тәсілімен мемлекеттік сатып алу арқылы жүргізуге рұқсат беруіңізді сұраймын.

"Үшарал қалалық округі әкімі аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы **Ж.Сатыбалдинов**